

1-жаттығу. Ақселеу Сейдімбековтің «Күмбір-күмбір күмбездер» атты кітабынан алған үзіндіні оқып, ой қорытындысын жасаңдар. Көшпелілердің сұлулық туралы талғам-түсінігі осы киіз үй арқылы көрініс тапты. Киіз үйдің сықырлауығынан бастап шаңырағына дейінгі әрбір бөлшегі – өз алдына оқшау өнер туындысы, олар бір-бірімен мінсіз үйлескен шақта керемет өнер туындысын құрайды. Осынау өнер туындысы көшпелілердің күн көріс мұқтажынан бастап, рухани талғам талабына дейін қызмет еткен.
(А.Сейдімбеков)

2-жаттығу. Ғылыми-көпшілік стильде «Қазақстанның сәулет өнері және киіз үй» тақырыбына мақала жазыңдар. Сөз саны 150–170.

3-жаттығу. Берілген сұрақтар бойынша киіз үй жабдықтарын жазып шығыңдар.

1. Киіз үйдің есігі не деп аталады? 2. Шаңырақты жабатын киіз қалай аталады? 3. Ең бірінші киіз үйдің несі құрылады? 4. Керегені жабатын киіз қалай аталады? 5. Уықты жабатын киіз не деп аталады? 6. Киіз үйдің ағаш сүйегіне нелер жатады? 7. Киіз үйдің киіз жабдығының атауларын білесің бе? 8. Шаңырақ пен керегені бекітетін ағаш қалай аталады? 9. Үйдің уық қадайтын дөңгелек шеңбері қалай аталады?